www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№20 /sársenbi/ 20 mamyr 2026 jyl

## ASTANA LRT ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы қоғамдық көлікке, соның ішінде LRT жүйесіне мониторинг жүргізіп, жұмысын реттейтін Бірыңғай диспетчерлік орталықтың қызметімен танысты.**

**Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, LRT жүйесін іске қосу аясында жеңіл рельсті көліктің арнаулы диспетчерлік қызметі жасақталған. Қаладағы қоғамдық көлікке мониторинг жүргізу және оның қызметін реттеумен 21 маман айналысады.**

**Мемлекет басшысы жеңіл рельсті көліктің пайдалануға берілуі Астана мен еліміз үшін ерекше маңызды оқиға екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев елорда келешекте Еуразияның көлік хабына айналуға тиіс екенін айтты. Сондай-ақ жобаны табысты жүзеге асырған қытайлық компания тарапына ризашылық білдірді. Мемлекет басшысы LRT құрылысын жүргізіп жатқан қытайлық компания өкілдері мен CTS Transportation, Astana**



**LRT жұмысшыларына сәттілік тілеп, жобаны одан әрі жалғастыруды тапсырды.**

**Содан кейін Президент Astana LRT жұмысын іске қосты.**

**Қасым-Жомарт Тоқаевқа 001 сериялы карта берілді. Мемлекет басшысы LRT жүйесінің алғашқы жолаушысы ретінде «Әуежай» станциясынан «Ұлттық музей» станциясына дейін жүрді.**

**LRT жүйесінің әр құрамы 600-ден астам жолаушы тасымалдауға арналған. Ұзындығы 22,4 шақырым болатын желі арқылы 15 құрам жүргізушісіз жүреді (4 құрам резервте). Басқару, жылдамдықты арттыру және тежеу, есікті ашу үдерістері, сондай-ақ төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер толығымен автоматтандырылған. Қосымша бақылау үшін қолмен басқару және диспетчермен байланысқа шығу мүмкіндігі қарастырылған.**

**LRT инфрақұрылымында 18 станция мен заманауи депо бар. Бағыт бойынша жолдың ұзақтығы шамамен 40 минутты құрайды. Құрамдар сағатына 50-60 шақырым орташа жылдамдықпен 5-6 минут сайын жүреді.**

**Қоғамдық көлікті одан әрі дамыту мақсатында LRT жобасының екінші кезегі іске асырыла бастады. Атап айтқанда, «Астана-1» вокзалы, «Жағалау» шағын ауданы, Қосшы қаласы бағыты бойынша жаңа желінің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. 20 станциядан тұратын екінші кезеңнің жалпы ұзындығы 26,5 шақырымды құрайды.**



# ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕГІ ТҮРКІ БІРЛІГІ:

## РУХАНИЯТ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ БАСТАМАЛАР ТОҒЫСҚАН КҮН

2026 жылғы 15 мамырда Түркістан қаласы түркі әлемінің рухани, мәдени және саяси орталығына айналды. Қасиетті шаһарда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті аясында бірқатар маңызды халықаралық кездесулер ұйымдастырылып, ауқымды жобалардың негізі қаланды. Түркі дүниесінің көшбасшылары бас қосқан тарихи жиын тек саяси келіссөздер алаңы ғана емес, бауырлас елдердің ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтерген тағылымды күн ретінде есте қалды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік метеорология ұйымының президенті, БАӘ Ұлттық метеорология орталығының бас директоры Абдулла Әл-Мандусты қабылдады. Кездесу барысында Мемлекет басшысы климаттың өзгеруі, табиғи апаттардың алдын алу, су қауіпсіздігі және метеорологиялық инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері қазіргі кезеңдегі жаһандық сын-қатерлердің бірі екенін атап өтті.

Президент Қазақстан үшін ерте ескерту жүйелерін дамыту, ғылыми деректер алмасу және климаттық зерттеулердің маңызы зор екенін айтты. Сонымен қатар Қазақстан тарапы Біріккен Араб Әмірліктерімен метеорология саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге дайын екенін жеткізді. Әсіресе, Түркістан облысында БАӘ мамандарымен бірлесіп жүзеге асырылатын жасанды жаңбыр шақыру жобасы үлкен қызығушылық тудырып отыр. Жоба су қоймаларын толықтыруға және ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамтуға бағытталған. Бұл бастама 17 мамырда іске қосылып, Қазақстанды Орталық Азияда жасанды жауын технологиясын пайдаланған алғашқы мемлекетке айналдырмақ.

Сол күні Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Түркістанда бой көтерген жаңа мешітті аралап көрді. Аталған ғибадат орны – екі ел арасындағы тарихи бауырластық пен рухани байланыстың символы. Өзбекстан Президентінің қазақ халқына тартуы ретінде салынған мешіт дәстүрлі ислам архитектурасы мен заманауи инженерлік шешімдерді үйлестірген ерекше нысанға айналды. Мұнараларының биіктігі 61 метр болатын мешіттің ішкі және сыртқы көрінісі ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен және көркем каллиграфиямен безендірілген. Аумағында демалыс аймақтары, субұрқақтар мен жарықтандыру жүйелері қарастырылған.

Түркістандағы маңызды оқиғалардың бірі – Түркі өркениеті орталығының іргетасын қалау рәсімі болды. Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшылары қатысқан салтанатты шарада жаңа кешеннің түркі халықтарының ортақ тарихи мұрасын зерттеуге, жүйелеуге және әлемге танытуға бағытталатыны айтылды. Болашақ орталықта көне түркі дүниетанымындағы Тәңір, Ергенекон, Көкбөрі, Жерұйық, Өмір ағашы секілді ұғымдар сәулеттік әрі мазмұндық тұрғыдан көрініс табады.

Жоба заманауи технологиялармен жабдықталмақ. Келушілер виртуалды және толықтырылған шынайылық, жасанды интеллект, голография және иммерсивті дыбыс жүйелері арқылы түркі өркениетінің бай тарихымен тереңірек танысу мүмкіндігіне ие болады. Бұл орталық Түркістанды халықаралық мәдени-ғылыми туризмнің жаңа орталығына айналдыруға ықпал етпек.

Саммит аясында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшыларына Қазақстанның GovTech бағытындағы цифрлық бастамалары да таныстырылды. Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев еліміздің жасанды интеллектіні стратегиялық даму бағыты ретінде қарастырып отырғанын мәлімдеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда Starlink және OneWeb спутниктік байланыс жүйелері енгізіліп, Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісі жүзеге асырылуда. Сонымен бірге өңірдегі ең ірі суперкомпьютерлер іске қосылып, қуаттылығы 1 гигаваттан асатын «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» жобасы қолға алынған. Бұл бастама Қазақстанды Орталық Азиядағы цифрлық хабқа айналдыруды көздейді.

Жалғасы 4-ші бетте

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІН QOJA AHMET YASAUI ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды өз халқын алға бастап келе жатқан әлемдік деңгейдегі салиқалы басшы және саясаткер ретінде ерекше құрметтейтінін атап өтті.

– Өзіңіздің көреген басшылығыңызбен қолға алынған тиімді реформалардың нәтижесінде Түркия тұрақты өсіп-өркендеу жолына түсті, зор табысқа жетті, ықпалды және қуатты держава атанды. Біз түрік ағайынға әрдайым тілекшіміз, бауырлас елдің әр жетістігіне қуанамыз. Президент Ердоған – жаһандық саясатта әділдік пен жауапкершілік қағидатын табанды түрде қорғап жүрген аса көрнекті қайраткер. Сіздің «Әлем бестен үлкен» атты тұжырымдамаңыз баршаға белгілі. Бұл халықаралық қатынастар жүйесіндегі теңсіздікке қарсы айтылған батыл үндеу екені сөзсіз. Сонымен қатар Режеп мырза түркі және ислам өркениетінің ынтымақтастығын нығайту ісінде айрықша рөл атқарып келеді. Өзіңізді түркі әлемі мойындаған беделді көшбасшы десек, артық болмайды. Сіз туыстас елдердің рухани және саяси тұтастығын бекемдеу жолында аянбай еңбек етіп жүрсіз. Қадірлі Режеп Тайип Ердоғанның тікелей қолдауының арқасында Түркі мемлекеттері ұйымы қысқа мерзім ішінде ықпалды құрылым ретінде қалыптасты. Сондай-ақ ТҮРКСОЙ, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы, Түркі академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры, Түркі инвестициялық қоры секілді маңызды институттардың жұмысы жандана түсті. Біз мұны жоғары бағалаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Түркияның арасында сан ғасырлық тарихи сабақтастық бар екеніне тоқталды.

– Біздің тегіміз бен дініміз – бір, діліміз – ұқсас. Қазақ пен түрік жұртының тереңнен тамыр тартатын бауырластығы бүгінде стратегиялық серіктестікке ұласты. Сіз достық қарым-қатынасымызды нығайтуға, ортақ құндылықтарымызды дәріптеуге өлшеусіз үлес қосып келесіз. Сол үшін өз атымнан және барша Қазақ елі атынан Сізге зор алғыс айтамын. Ұлы дала – түбі бір түркі халықтарының атажұрты, ал, Түркістан – оның қастерлі қазынасы, рухани астанасы. Киелі шаһар тұтастығымыздың нышаны, төл өркениетіміздің алтын бесігі саналады. Сондықтан біз ертең өз жұмысын бастайтын Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитін Түркістан төрінде өткізуді жөн көрдік. Алқалы жиын ағайын елдердің арасын жақындатып, ықпалдастығын күшейте түседі деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Жалғасы 4-ші бетте

# ТҮРКІСТАНҒА ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Түркияның ірі инвестициялық құрылымдарының бірі саналатын «YDA Holding» компаниясының басқарма төрағасы Хусейн Арсланмен кездесу өткізіп, өңірдегі бірлескен жобалардың жүзеге асу барысын талқылады. Басқосу барысында Түркістан қаласында салынып жатқан 570 орындық заманауи көпбейінді аурухананың құрылысын толық аяқтау, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру және екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Кездесу барысында облыс әкімі Түркістан өңірінің соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, халықаралық серіктестердің қолдауы мен инвестициялары тарихи шаһардың жаңа келбетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отырғанын жеткізді. Оның айтуынша, Түркістан бүгінде түркі әлемінің рухани және мәдени орталығына ғана емес, сонымен бірге халықаралық инвестиция тартатын маңызды экономикалық алаңға айналып келеді.

Нұралхан Көшеров түркиялық инвесторларға ризашылығын білдіріп, «YDA Holding» компаниясының өңірдегі ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға елеулі үлес қосқанын атап өтті.

– Қасиетті Түркістанға қош келдіңіздер. Жуырда ғана Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Саммитке келген мәртебелі меймандар Түркістанның дамуына, қаланың сәулеттік келбетіне және халықаралық іс-шараны өткізу деңгейіне жоғары баға берді. Бүгінде Түркістан түркі дүниесін байланыстыратын алтын көпірге айналып отыр. Бұл ретте «YDA Holding» компаниясының үлесі ерекше. Компания қысқа мерзім ішінде халықаралық әуежай құрылысын аяқтап, бүгінде сол әуежай арқылы әлемнің әр түкпірінен қонақтар келіп жатыр. Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшылары да осы әуежай арқылы тарихи шаһарға табан тіреді. Қазіргі уақытта сіздердің компанияларыңызбен бірлесіп 570 орындық көпбейінді аурухананың құрылысын жүргізіп жатырмыз. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы, өндіріс, туризм және инфрақұрылым бағыттарында да бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырамын. Біз әріптестікті одан әрі жалғастыруға дайынбыз, – деді облыс әкімі.



Кездесу барысында өңірдің инвестициялық әлеуеті, өндірістік аймақтарды дамыту, инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру және туризм саласындағы мүмкіндіктер кеңінен таныстырылды. Облыс басшысы Түркістанда инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанын айтып, шетелдік компаниялардың қатысуымен жаңа өндіріс орындарын ашуға мүдделі екенін жеткізді.

Өз кезегінде «YDA Holding» компаниясының басқарма төрағасы Хусейн Арслан Түркістанның соңғы жылдардағы өзгерісіне жоғары баға беріп, өңірдің даму қарқыны ерекше әсер қалдырғанын айтты. Ол компанияның Түркістандағы жобаларды табысты аяқтауға және жаңа бастамаларды қолдауға дайын екенін жеткізді.

– Сіздерді халықаралық саммитті жоғары деңгейде өткізгендеріңізбен құттықтаймын. Түркістан бүгінде өзінің тарихи миссиясын лайықты атқарып келеді. Мен бұл қаланың бұрынғы келбетін де, қазіргі жаңарған бейнесін де жақсы білемін. Қаланың даму қарқыны қуантады. Түркістанның заманауи әрі көрікті шаһарға айналып келе жатқанын көріп отырмыз. Біз инвестициялық жобаларды талқылауға және бірлескен жұмыстарды жалғастыруға дайынбыз. Қазіргі таңда салынып жатқан 570 орындық аурухананы осы жылдың соңына дейін пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Бұл халықаралық стандарттарға сай, жоғары деңгейдегі медициналық мекеме болады деп сенемін, – деді Хусейн Арслан.

Айта кетейік, Түркістан қаласындағы көпбейінді аурухана құрылысы республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жүзеге асырылып жатыр. Жобаға жалпы көлемі 15,6 гектар жер телімі бөлінген. Құрылыс жұмыстары 2020 жылдың мамыр айында басталған болатын. Бүгінде нысан құрылысының 86 пайызы аяқталған.

Жоба аясында аурухана заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жоғары технологиялық қызмет көрсететін өңірлік медициналық орталыққа айналмақ. Мұнда тұрғындарға диагностика, күрделі операциялар жасау, шұғыл медициналық көмек көрсету және оңалту қызметтері ұсынылады деп жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда аталған жобаны сатып алу бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен мүдделі тараптар арасында тиісті келісімдер жасалған. Мамандардың пікірінше, жаңа аурухананың іске қосылуы Түркістан облысындағы денсаулық сақтау саласының сапасын арттырып, тұрғындардың заманауи медициналық қызметке қолжетімділігін едәуір жақсартады.

Сондай-ақ бұл жоба Түркістанның тек рухани және туристік орталық қана емес, әлеуметтік инфрақұрылымы дамыған заманауи мегаполиске айналып келе жатқанын көрсетеді. Түркиялық инвесторлармен жүзеге асырылып жатқан мұндай ірі жобалар бауырлас елдер арасындағы экономикалық және стратегиялық ынтымақтастықтың нығая түскенінің айқын дәлелі болып отыр.

# ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МЕДИЦИНАНЫҢ ҚАРҚЫНЫ КҮШЕЙДІ



Түркістан облысында жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігі артып, күрделі оталардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Заманауи медицинаның мүмкіндігі кеңейген сайын өңір тұрғындарына бұрын тек ірі мегаполистерде жасалатын күрделі операциялар енді жергілікті деңгейде көрсетілуде. Бұл – халық денсаулығын қорғау ісіндегі маңызды жетістіктердің бірі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Түркістан облыстық филиалы ұсынған мәліметке сәйкес, 2026 жылдың алғашқы төрт айында өңірде жоғары технологиялық 98 күрделі операция жасалып, оған 469 миллион теңге қаржы жұмсалған. Бұл көрсеткіш облыстағы медициналық қызмет сапасының жаңа деңгейге көтерілгенін аңғартады.

Қазіргі таңда медицина саласында жоғары технологиялардың рөлі айрықша. Әсіресе адам өміріне тікелей қауіп төндіретін жүрек-қан тамырлары, жүйке жүйесі, онкологиялық және урологиялық ауруларды емдеуде озық технологиялардың көмегімен жасалатын операциялардың маңызы зор. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында кардиохирургия, нейрохирургия, травматология, онкология, жалпы хирургия және өзге де бағыттар бойынша ай сайын ондаған күрделі операциялар жүзеге асырылуда.

Мамандардың айтуынша, мұндай жоғары технологиялық бір операцияның орташа құны 4,7 миллион теңгеге дейін жетеді. Алайда МӘМС жүйесінің арқасында бұл қызметтер сақтандырылған азаматтарға тегін көрсетілуде. Бұл өз кезегінде тұрғындардың қаржылық салмағын азайтып, сапалы медициналық көмекке қолжетімділікті арттырып отыр.

Филиал директоры Бақыт Торғайбайұлының сөзінше, соңғы жылдары жоғары технологиялық операциялардың қолжетімділігі едәуір кеңейіп, медициналық көмектің сапасы жаңа белеске көтерілген.

– Бүгінде өңірде жүрек пен қан тамырларына, жүйке жүйесіне қатысты күрделі ауруларды емдеуге, есту мен көру қабілетін қалпына келтіруге, сондай-ақ нәрестелердің туа біткен ақауларын түзетуге арналған заманауи операцияларды жасауға толық мүмкіндік бар. Бұл – облыс медицинасының үлкен жетістігі, – деді филиал басшысы.

Статистикалық мәліметтер де бұл бағыттағы жұмыстардың ауқымын айқындай түседі. Биылғы төрт айдың өзінде 21 кардиохирургиялық операция жасалып, оған 92,6 миллион теңге төленген. Сонымен қатар 32 нейрохирургиялық ота орындалып, оның жалпы құны 198,9 миллион теңгені құрады. Бұдан бөлек, 5 бүйрек трансплантациясына 1,5 миллион теңге жұмсалса, бір бауыр трансплантациясына 8,9 миллион теңге бағытталған.

Жоғары технологиялық медициналық көмектің дамуы – өңірлік денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі. Бүгінде мұндай қызметтер күндізгі және тәулік бойғы стационар жағдайында көрсетіліп келеді. Бұл пациенттерге заманауи емдеу тәсілдерін қолдануға, ауыр диагноздар кезінде өмір сапасын жақсартуға әрі ғұмырын ұзартуға мүмкіндік береді.

Мамандардың пікірінше, медицинаның дамуы – халықтың өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Әсіресе күрделі диагноз қойылған науқастар үшін жоғары технологиялық операциялар үміт сыйлайтын маңызды мүмкіндікке айналып отыр.

Айта кетейік, 2025 жылы МӘМС жүйесі аясында Түркістан облысында жоғары технологиялық медициналық қызметтерге 1,3 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. Бұл – мемлекет тарапынан азаматтардың денсаулығын қорғауға бағытталған әлеуметтік қолдаудың нақты көрінісі.

Сала мамандарының айтуынша, құны бірнеше миллион теңгеге жететін күрделі операциялардың МӘМС арқылы тегін жасалуы көптеген отбасы үшін үлкен демеу болып отыр. Ең бастысы – заманауи медициналық көмектің қолжетімді болуы мыңдаған адамның өмірін сақтап қалуға және тұрғындардың сапалы медициналық қызметке тең дәрежеде қол жеткізуіне жол ашуда.

# ШЕГІРТКЕ ЗИЯНКЕСІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы алқаптарына қауіп төндіретін шегіртке зиянкесіне қарсы күрес жұмыстары талапқа сай ұйымдастырылып, жүйелі түрде жалғасуда. Биыл көктем шығысымен зиянкестердің таралу қаупі күшейіп, жауапты мекемелер алдын алу шараларын ерте бастан қолға алған. Мамандардың айтуынша, дер кезінде жүргізілген химиялық өңдеу жұмыстары егіс алқаптарын сақтап қалуда шешуші рөл атқарады.

Қазақстан аумағында шегіртке тектес зиянкестердің 270-тен астам түрі кездеседі. Соның ішінде ауыл шаруашылығына аса зор зиян келтіретін ең қауіпті түрлердің бірі – Марокко шегірткесі (Dociostaurus maroccanus). Бұл – үйірлі түрде тіршілік ететін жәндік. Ғалымдардың мәліметінше, олардың бір шаршы метр аумақта 200-300-ге дейін шоғырлануы мүмкін. Осындай жағдайда зиянкес қысқа мерзім ішінде жайылымдарды, егін алқаптарын, жоңышқа мен дәнді дақылдарды отап, шаруаларға орасан шығын әкеледі.

Сондықтан Түркістан облысында зиянкеске қарсы күрес ерекше бақылауға алынған. Өңірде бұл жұмыстарды үйлестіру мақсатында екі арнайы штаб құрылған. Оның бірі Арыс қаласында, екіншісі Келес ауданында орналасқан. Штаб жұмысына облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков жетекшілік етеді. Негізгі мақсат – Болжам орталығы белгілеген қауіпті аумақтарда химиялық өңдеу жұмыстарының сапалы әрі уақытылы жүргізілуін қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда штаб мамандары 65 сектордағы ахуалды күн сайын бақылауда ұстап отыр. Әсіресе химиялық препараттардың қажетті көлемде жеткізілуі, олардың тиімді әрі мақсатты жұмсалуы қатаң қадағаланады. Сонымен қатар дәріленген аумақтарды арнайы мобильді топтар тексеріп, атқарылған жұмыстардың нәтижесін штаб төрағасына тұрақты түрде баяндауда.

Облыс көлемінде биыл шегіртке зиянкесіне қарсы 906,088 мың гектар аумақты зерттеу жоспарланған. Бүгінгі күнге дейін оның 847,5 мың гектары зерделеніп үлгерді. Зерттеу нәтижесінде 288,7 мың гектар жерде зиянкестің экономикалық зияндылық шегінен асқаны анықталған.

Қауіпті ошақтарды залалсыздандыру жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда облыстың 10 ауданында жалпы көлемі 287,8 мың гектар жерге химиялық өңдеу жүргізілді. Бұл жұмыстарға 13 мамыр күні 168 арнайы техника, 27 су тасығыш көлік және мыңға жуық анықтаушы маман жұмылдырылған.

Мамандардың үйлесімді жұмысының нәтижесінде кейбір секторларда химиялық өңдеу толық аяқталып, ондағы техникалар өзге қауіпті аймақтарға қайта бағытталды.

Жалпы, шегірткеге қарсы күрес – ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтап қалудағы аса маңызды науқанның бірі. Мамандардың пікірінше, зиянкестермен күрестегі ең тиімді тәсіл – дер кезінде анықтап, жедел әрекет ету. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Түркістан облысында егіс алқаптарын қорғау және шаруалардың еңбегін сақтау жолындағы шаралар тұрақты бақылауда жалғасып келеді.

# ҚАЗЫҒҰРТ ОҚУШЫЛАРЫ ГРЕКИЯДА ЕЛ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТТІ



Түркістан облысының дарынды жастары халықаралық аренада тағы бір мәрте Қазақстанның абыройын асқақтатты. Қазығұрт ауылынан құрылған «Qazygurt» командасы Грекияның көне Коринф қаласында өткен Open International Championship 2026 халықаралық робототехника чемпионатында жүлделі екінші орынды иеленіп, ел қоржынына үлкен жеңіс салды.

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген үздік жас инженерлер бас қосқан беделді додаға 56 мемлекеттен командалар қатысты. Байқауда АҚШ, Жапония, Германия, Қытай, Бразилия, Испания және Түркия сынды технологиясы дамыған елдердің өкілдері бақ сынады. Осындай жоғары деңгейдегі жарыста қазақстандық оқушылардың үздіктер қатарынан көрінуі – отандық білім мен ғылым саласының дамып келе жатқанын айқын аңғартты.

Чемпионат қорытындысы бойынша қазығұрттық жас өнертапқыштар ең беделді марапаттардың бірі саналатын Champions Award номинациясында күміс жүлдені жеңіп алды. Бұл марапат команданың тек техникалық шеберлігін ғана емес, креативті ойлау қабілетін, жобаны қорғау деңгейін және командалық үйлесімділігін де бағалайды.

Жеңімпаз құрамында Бауыржанқызы Арайлым, Абдрай Ернұр, Жаркинбек Інжу, Амангельдиев Абзал, Жетпіс Ерасыл, Өтепберген Нұрбек, Айбек Еркебұлан және Кенесов Диас болды. Олар Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында, Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейінде және А.С. Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте білім алады. Жас робототехниктер халықаралық сайыста өздерінің тың идеялары мен техникалық дайындығының жоғары екенін дәлелдей білді.

Команданы жарысқа дайындаған жетекшілер – Оразхан Бексұлтан, Тастан Ербол, Үстенов Нұрсұлтан, Нышан Қайыркен және Әлімқұлов Қуаныш. Ұстаздардың айтуынша, оқушылар бұл додаға ұзақ уақыт бойы тыңғылықты дайындалған. Роботтарды бағдарламалау, инженерлік жобалау, халықаралық талаптарға сай техникалық тапсырмаларды орындау бағытында жүйелі жұмыс жүргізілген.

Айта кетейік, «Qazygurt» командасы халықаралық чемпионатқа қатысу мүмкіндігін Alem Tech Fest республикалық жарысында жеңіп алған. Аталған байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен USTEM Foundation және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен болатын.

Бір жылға жуық уақыт бойы дайындалған команда әлемдік деңгейдегі додада жоғары нәтиже көрсетіп, қазақ жастарының ғылым мен технология саласындағы әлеуетінің зор екенін танытты. Бұл жеңіс – тек Қазығұрт ауданының ғана емес, бүкіл елдің мақтанышы. Жас өнертапқыштардың табысы алдағы уақытта да көптеген оқушыға шабыт берері сөзсіз.

# БАДАМ АУЫЛЫНДА БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ОЙЫН АЛАҢШАЛАРЫ АШЫЛДЫ

Ордабасы ауданында тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Соның бір айқын көрінісі – балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған ойын және спорт алаңшаларының бой көтеруі. Аудан көлемінде қолға алынған игі бастамалар нәтижесінде елді мекендерде заманауи инфрақұрылым нысандары кезең-кезеңімен пайдалануға берілуде.

Осы бағыттағы жұмыстар аясында Бадам ауыл округіне қарасты Ақбұлақ ауылында екі бірдей балалар ойын алаңшасы халық игілігіне тапсырылды. Заманауи талаптарға сай салынған нысандардың ашылу рәсімі ауыл тұрғындары үшін ерекше қуанышты күнге айналды.

Салтанатты шараға ауыл әкімі Нұрлан Байбахов, ауыл ақсақалдары, қоғам белсенділері мен жергілікті тұрғындар қатысты. Жиында сөз алған ауыл үлкендері балаларға жасалып жатқан мұндай қамқорлықтың маңыздылығына тоқталып, игі іске атсалысқан азаматтарға алғыстарын білдірді. Арнайы лента қиылып, жаңа алаңшалар ресми түрде пайдалануға берілді.

Жаңа нысандарда балалардың қауіпсіз әрі сапалы демалуына барлық жағдай қарастырылған. Ойын құрылғылары заманауи стандарттарға сәйкес орнатылып, бүлдіршіндердің спортпен айналысуына, серуендеп, бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік жасалған. Ауыл тұрғындарының айтуынша, мұндай алаңшалар балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың белсенді өмір салтын қалыптастыруға да оң әсер етеді.

Аталған жобалардың құрылысы 2025 жылдың соңында басталған. Құрылыс жұмыстары аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі арқылы аудандық бюджет есебінен жүзеге асырылды. Қысқа мерзім ішінде сапалы аяқталған нысандар бүгінде ауыл балаларының сүйікті демалыс орнына айналып отыр.

Айта кетейік, бұған дейін Бадам ауыл округіне қарасты Дербес ауылында да балалар ойын алаңшасы мен ашық футбол алаңы пайдалануға берілген болатын. Бұл аудан көлемінде балалар мен жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстардың жалғасып жатқанын көрсетеді.

Жалпы, Ордабасы ауданында елді мекендердің келбетін көркейтіп, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

# ЖЕТІСАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫНДАРЫ РЕСЕЙ НАРЫҒЫНА ЖОЛ ТАРТТЫ

Түркістан облысына қарасты Жетісай ауданында биылғы бақша маусымы басталып, алғашқы қауын өнімдері Ресей Федерациясына экспорттала бастады. Ерте пісетін бақша дақылдарын өсірумен танылған жетісайлық диқандар биыл да мол өнім алуға үмітті. Аудан шаруалары ауа райының қолайсыздығына қарамастан, өнім сапасын сақтап қалып, сыртқы нарыққа алғашқы қауындарды жөнелтіп үлгерді.

Жалпы биыл Жетісай ау-данында 79,2 мың гектар суармалы жер игеріліп отыр. Оның ішінде 44 мың гектарға мақта шиті себілсе, 17,1 мың гектар алқапқа бақша дақылдары егілген. Сонымен қатар 7,5 мың гектарға дәндік жү-гері, 3,7 мың гектарға көкөніс, ал 6,4 мың гектар жерге жоңышқа орналастырылған. Бұл өңірдегі аграрлық саланың негізгі бағыты әлі де болса суармалы егін шаруашылығы екенін көрсетеді.

Қазіргі таңда ауданда егіл-ген қауындардың алғашқы өнімі пісіп жетіліп, нарыққа шығарыла бастады. Соның бірі – Жетісай ауданының тұрғыны, тәжірибелі диқан Әл-Фараби Күзенбаев басқаратын «Әл-Фараби» шаруа қожалығы. Көп жылдан бері жер емген шаруаның қожалығы бүгінде аудан көлеміндегі ірі агроқұрылымдардың біріне айналған.

Шаруа қожалығының ие-лігінде жалпы 300 гектар жер бар. Оның 260 гектарына мақта дақылы егілсе, 40 гектарына қауын көшеттері отырғызылған. Диқан биыл да өнімін өзгелерден ерте нарыққа шығарып, алғашқы экспорттық жеткізілімдерді бастап кетті.

Қожалық төрағасының айтуынша, биыл егістікке қауынның сұранысқа ие «Нұр-Бакинка» сорты егілген. Көшеттер ақпан айының соңында отырғызылғанымен, көктемгі жауын-шашынның көп болуы салдарынан өнім әдеттегі 65 күнде емес, шамамен 80 күнде толық пісіп жетілген.

Соған қарамастан, қауынға деген сұраныс жоғары болып отыр. Қазіргі таңда өнімдер Ресей Федерациясының Мәскеу қаласына экспортталуда. Шаруалар өнімді ешқандай делдалсыз тікелей егістік басынан өткізіп жа-тыр. Қауынның әр келісі 650 теңгеден бағалануда.

– Биыл қауынымыз жылдағыдан сәл кештеу пісті. Дегенмен өнім сапасы жақсы, сұраныс жоғары. Аудан әкімдігі тарапынан ағын су арналары уақытылы тазартылып, су тапшылығы болған жоқ. Соның арқасында егістікті толық сумен қамтамасыз еттік. Қазір алғашқы өнімдерімізді Ресейге экспорттап жатырмыз. Ең бастысы, өнімімізді ешқандай делдалсыз өзіміз тиеп, тікелей жөнелтудеміз, – дейді «Әл-Фараби» шаруа қожалығының төрағасы Әл-Фараби Күзенбаев.

Жетісай ауданында бақша шаруашылығы жылдан-жылға қарқын алып келеді. Биыл 17,1 мың гектар жерге бақша дақылдары егілсе, оның 14,2 мың гектарын қауын, ал 3 мың гектарын қарбыз алқаптары құрап отыр. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда арта түскен. Мәселен, 2025 жылы ауданда 16,9 мың гектар жерге бақша дақылдары егілген болатын. Оның ішінде 13,9 мың гектары қауын, 3 мың гектары қарбыз болған.

Өткен жылы аудан шаруалары жалпы көлемі 510 мың тонна бақша өнімін жинап, ішкі нарықпен қатар экспорттық әлеуетін де айтарлықтай арттырған еді. Биыл да диқандар мол өнім алып, экспорт көлемін ұлғайтуды көздеп отыр.

Мамандардың пікірінше, Жетісайдың табиғи-климаттық ерекшелігі ерте пісетін бақша өнімдерін өсіруге қолайлы. Бұл өз кезегінде шаруаларға өнімді бәсекелестерден бұрын нарыққа шығарып, жоғары бағада сатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аудан әкімдігі тарапынан жүргізіліп жатқан су арналары мен инфрақұрылымды жақсарту жұмыстары да аграрлық саланың дамуына оң әсерін тигізуде.

Жетісай қауыны бүгінде тек Қазақстанда ғана емес, көршілес мемлекеттерде де сапа-лы әрі дәмді өнім ретінде танылып келеді. Ерте піскен алғашқы қауындардың Ресей нарығына жөнелтілуі – аудан шаруаларының еңбегі мен өңірдің ауыл шаруашылығы әлеуетінің нақты көрінісі.

# ҰБТ-2026: ЕҢ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ КІМДЕРГЕ БҰЙЫРДЫ?

«140 балл алды». Соңғы жылдары бұл сөйлемді әлеуметтік желілерден де, жаңалықтардан да жиі көреміз. Бір қарағанда жай ғана сан сияқты көрінгенімен, оның артында бірнеше жылдық дайындық, еңбек, тәртіп пен үлкен жауапкершілік жатыр. Қазіргі таңда 140 балл жинаған түлектер елге танылып, көпшілікке мотивация беретін тұлғаға айналып келеді.

Қазақстанда Ұлттық бірыңғай тестілеу — ҰБТ алғаш рет 2004 жылы енгізілді. Оның басты мақсаты — мектеп бітіру емтиханы мен жоғары оқу орнына түсу жүйесін біріктіру болды. Бұған дейін оқушылар мектепте бөлек емтихан тапсырып, кейін университетке қайта сынақ өткізетін. Ал ҰБТ бұл процесті жеңілдетіп, білімді бағалаудың ашық жүйесін қалыптастырды.

Алғашқы жылдары тест қағаз форматында өткізілді. Кейін жүйеге бірнеше өзгеріс енгізіліп, бүгінде ҰБТ толықтай компьютерлік форматқа көшті. Қазір талапкерлер тест нәтижесін бірден көре алады. Сонымен қатар жылына бірнеше рет тапсыру мүмкіндігі берілген.

Қазақстан тарихында алғаш рет 140 балл алған түлектер әр жылдары ел назарын аударып келеді. Мысалы, 2019 жылы Түркістан облысының түлегі Қасымжан Жұбай алғашқы болып 140 балл жинағандардың бірі ретінде танылды.

Ал биылғы жылы ҰБТ-ның басталғанына 10 күн толмай жатып бұл рекордты бір емес екі бірдей талапкер 140 балл жинап қайталады. Бұл көрсеткіш қоғам назарын аударып, әлеуметтік желілерде кең талқыланып жатыр.

Соның бірі — Тараз қаласындағы «Білім-Инновация» лицейінің түлегі Нұрғанат Қанат. Ол барлық сұраққа дұрыс жауап беріп, ең жоғары нәтижеге қол жеткізді. Оның жетістігіне байланысты білім беру орталығы «JUZ40» оған көлік немесе 50 миллион теңге көлеміндегі пәтердің бірін таңдауды ұсынған.

Негізгі ҰБТ-да 140 балл жинаған келесі түлек Сәрсенбай Назерке, ең жоғары нәтиже көрсеткен талапкерлердің алды. Назеркенің жетістігі әлеуметтік желілерде кең талқыланып, көптеген түлекке мотивация болды.

Бүгінде ҰБТ — жай ғана емтихан емес. Бұл — мыңдаған талапкердің болашағына әсер ететін маңызды кезең. Әлеуметтік желілерде талапкерлердің дайындық барысы, күн тәртібі, мотивациялық видеолары мен кеңестері кең таралады. 140 балл иегерлері осымен аяқталған жоқ, себебі әлі ҰБТ тапсыру күндері жалғасып жатыр.

Ал 140 балл — тек сан емес. Ол табандылықтың, тәртіптің және ұзақ еңбектің нәтижесі.

**Асылай БАТЫРХАНОВА,**
*Шымкент қаласы, «Parasat» жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушысы.*

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІН QOJA AHMET YASAUI ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Президенттің пікірінше, Түркістан туралы айтқанда күллі түркінің рухани темірқазығы – Қожа Ахмет Ясауи тұлғасына тоқталмау мүмкін емес.

– Әзірет Сұлтан түркілік рух пен ислам өркениетін үйлестіре білді. Оның мәдени мұрасы Ұлы далада ғана емес, Анадолы жерінде де өшпес із қалдырды. Түркі әлеміне ортақ көптеген ғұламалар Әзірет Сұлтанның ізбасары саналады. Осы тұста әйгілі Юнус Эмрені ерекше атап өткеніміз жөн. Тұғырлы тұлғаның туындыларынан Ясауи ілімінің ықпалын анық көруге болады. Осындай үндестік қазақтың бас ақыны – хакім Абайдың шығармаларынан да байқалады. Түптеп келгенде, ұлы ғұламаның ғибратты жолы ұлтқа бағдар, ұрпаққа өнеге екені сөзсіз. Мен Ұлыстың ұлы күнінде киелі Түркістанға арнайы барып, Әзірет Сұлтан рухына құран бағыштадым. Сол сапарымда мемлекеттік наградалар қатарына Qoja Ahmet Yasaui орденін енгізу туралы маңызды бастама көтердім. Бұл марапатты Қазақстанның дамуына айрықша еңбек сіңірген елімізідің және шетелдің белгілі ғалымдарына, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне табыстау қажеттігі жөнінде айттым. Соған сәйкес тиісті Заң қабылданды, арнайы Жарлыққа қол қойдым. Бұл – шын мәнінде, беделі биік, бағасы жоғары марапат. Біз бұл орденді әзірлеген кезде ашық жасыл түске басымдық бердік. Асыл дінімізде осы түстің орны ерекше. Ал оның құрамындағы күміс – тазалықтың нышаны. Бір сөзбен, бұл – Әзірет Сұлтанның ұлағаты мен тағылымын дәріптейтін марапат. Жалпы, біз өз елімізде Қожа Ахмет Ясауидің бай мұрасын жүйелі түрде және кең ауқымда зерттеу жұмысын белсенді түрде жүргіземіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Түркия Президентін Қожа Ахмет Ясауи атындағы мәртебелі орденмен марапаттау туралы шешім қабылдағанын, Режеп Тайип Ердоған – бұл орденнің тұңғыш иегері екенін атап өтті.

Режеп Тайип Ердоған Түркістанның пірі Қожа Ахмет Ясауи атындағы ерекше орденнің алғаш рет өзіне берілгеніне қуанышты екенін жеткізді.

– Бұл орденді Түркия Республикасы және түрік ұлтына деген ілтипатының белгісі деп қабылдаймын. Осы орайда елдеріміз арасындағы бауырластықты бекемдеу бағытындағы көреген саясатыңыз үшін Сізге, құрметті бауырым, алғыс айтамын. Бауырластығымыз, достығымыз лайым мәңгі болсын! – деді Түркия Президенті.

***

Жалпы, 2026 жылы Қазақстанда мемлекеттік наградалар жүйесі жаңарып, үш жаңа орден тағайындалды. Бұл туралы Мәжіліс пен Сенат депутаттары заң жобасын мақұлдады.

Жаңа ордендер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасы аясында енгізіліп отыр.

***Жаңа ордендер тізімі мен мақсаты: «Әл-Фараби» ордені: Білім, ғылым және мәдениет саласындағы жетістіктер үшін.***

***«Қожа Ахмет Ясауи» ордені: Қоғамдық-саяси және мәдени-гуманитарлық дамуға қосқан үлес үшін.***

***«Мейірім» ордені: Қайырымдылық және филантропиялық қызмет үшін.***

Ордендер алғаш рет Республика күні (25 қазан) қарсаңында беріледі деп жоспарлануда. Бір адамға бірдей атақты қайта беруге тыйым салынады. 2026 жылы марапаттар дайындауға 1,4 млрд теңге бөлініп, оны Монета сарайы шығарады. Сондай-ақ, заң жобасында күштік құрылымдар мен көпбалалы аналарға берілетін "Алтын алқа" және "Күміс алқа" сияқты марапаттардың тәртібі нақтыланған.

# ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕГІ ТҮРКІ БІРЛІГІ:

## РУХАНИЯТ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ БАСТАМАЛАР ТОҒЫСҚАН КҮН

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ еліміздің Өзбекстан, Түркия және Әзербайжанмен бірлесіп CubeSat ғылыми жерсерігін әзірлеп жатқаны айтылды. Оны келесі жылы ғарышқа ұшыру жоспарлануда. Мемлекеттік басқару жүйесіне енгізіліп жатқан eGov AI ассистенті мен AlemGPT платформасы мемлекеттік қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

Түркі мемлекеттері ұйымына қатысушы елдердің президенттері Turkistan визит-орталығының жұмысымен танысып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі сирек жәдігерлер көрмесін тамашалады. Онда XIV–XV ғасырлардан сақталған тарихи мұралар, Әмір Темір дәуірінің қола шырағдандары, көне кәндилдер, араб каллиграфиясымен өрнектелген жәдігерлер қойылған.

Кейін Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан президенттері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етті. Мемлекет басшылары ұлы ойшылдың рухына тағзым жасап, кесене тарихымен танысты. Қонақтарға XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған алып кешеннің ерекшеліктері баяндалды. Кесенедегі тайқазан, қазандық және көне қолжазбалар топтамасы мәртебелі меймандардың ерекше қызығушылығын тудырды. Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған кесенеге османдық каллиграф Ахмед Шемседдин Карахисаридің қолынан шыққан қасиетті Құран кітабын сыйға тартты. Бұл тарту түркі халықтарының ортақ рухани құндылықтарының айқын белгісі ретінде бағаланды.

Саммит қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы жиналыс өткізіп, халықаралық іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровке, мемлекеттік қызметкерлерге, құқық қорғау органдары мен еріктілерге алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы Түркістанның бүгінгі келбеті шетелдік қонақтардың жоғары бағасына ие болғанын атап өтті. Қаладағы жолдардың сапасы, көгалдандыру жұмыстары, тазалық пен инфрақұрылым халықаралық деңгейдегі іс-шараны өткізуге толық дайын екенін көрсетті. Президент облыс және қала басшылығына көне Түркістанды одан әрі дамыту мен абаттандыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Түркістандағы тарихи күн түркі халықтарының бірлігі мен рухани тұтастығын нығайтып қана қоймай, аймақтық ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқан маңызды оқиға ретінде бағалануда.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

# ГИБЕЛЬ

В самом конце 70-х Узбекистан пережил трагедию, равную которой он не переживал еще никогда. Даже ташкентское землетрясение не могло с ним сравниться, поскольку во время него, как мы помним, погибло незначительное количество людей и главный ущерб был нанесен нематериальной сфере - инфраструктуре города. В трагедии, случившейся в августе 1979 года, удар был нанесен в самое сердце республики - по одному из национальных символов узбекского народа. Я думаю, читатель уже догадался, о чем идет речь: о гибели в авиакатастрофе почти всей ташкентской команды «Пахтакор».

Я уже писал о том, что «Пахтакор» был любимым детищем не только Рашидова, но и всей республики. Буквально с первых же дней появления на свет этой команды (весной 1956 года) миллионы жителей Узбекистана, даже те из них, кто не увлекался футболом, с интересом стали следить за судьбой этого коллектива. И когда в 1962 году «Пахтакор» достиг значительного успеха - занял 6-е место в первенстве СССР - этому событию радовалась вся республика. И хотя долго задержаться на вершине футбольного Олимпа команде не удалось и в последующие годы она занимала уже менее высокие места, однако интерес к ее играм в Узбекистане попрежнему оставался большим.

На страницах этой книги мы расстались с «Пахтакором» в тот момент, когда он вынужден был оставить высшую лигу. На дворе стоял 1972 год.

Тот футбольный сезон стал настоящей сенсацией, поскольку на вершину Олимпа вознеслась периферийная команда «Заря» из Ворошиловграда.

Для Владимира Щербицкого, который вот уже полгода, как сидел в кресле хозяина Украина, успех его земляков должен был стать настоящим подарком. Должен был, но не стал, поскольку "Заря" перебежала дорогу его подшефному клубу «Динамо» из Киева, из-за чего киевлянам пришлось довольствоваться только серебром чемпионата. Кроме этого, «Заря» больно ударила и по политическому имиджу Щербицкого. Руководитель Ворошиловградской области Владимир Шевченко считался человеком Петра Шелеста (это вместо него Брежнев привел к власти Щербицкого) и к новому хозяину Украины он относился без подобающего уважения. Поэтому для него перебежать дорогу своему врагу было делом чести.

Щербицкий это знал, как знал и другое - что «Заря» усиленно тянули в чемпионы влиятельные покровители. Одним из них был начальник Управления футбола Спорткомитета СССР Лев Зенченко, который до этого три года работал на посту председателя Ворошиловградского областного комитета по физической культуре и спорту, а в январе 71-го был переведен на работу в Москву. По чьему повелению это произошло никто не сомневался: Брежнев и его команда, именуемая в народе «днепропетровским кланом», перетягивали в столицу всех своих земляков. Именно при Зенченко Федерация футбола СССР (там костяк составляли бывшие спартаковцы) стала ширмой, а реальным административным руководящим футбольным органом стало Управление футбола. В итоге прыть Зенченко поразила тогда всех: он всего лишь год работал на новом посту, как курируемая им команда стала чемпионом страны. Такого в истории советского футбола еще не было.

Повод взять реванш у Шевченко Щербицкий нашел через год. В 1973 году в Ворошиловградскую область нагрянет инспекция из 33 прокуроров, собранных со всей Украины. Они насобирают столько компромата на Шевченко и его подчиненных, что его вполне хватило бы, чтобы надолго упрятать их всех за решетку. И кого-то из них действительно посадили (например, зампреда исполкома, у которого в сейфе нашли 20 тысяч неучтенных денег, которые он прикарманил под видом помощи футболистам).

Шевченко же спасло его высокое положение (он был членом ЦК КПСС) - его сняли с должности руководителя обкома с формулировкой «как не имеющий морального права быть первы секретарем».

Тем временем в сезоне-73 в высшую лигу вернулся «Пахтакор». Однако узбекская команда выступила не совсем удачно и заняла место в хвосте турнирной таблицы - 12-е. Но в 1974 году команда заметно преобразилась и совершила стремительный рывок из аутсайдеров в одного из лидеров - поднялась на 8-е место. И пускай до повторения высшего достижения в своей карьере (6-е место в 62-м) «Пахтакор» не добрал всего-то чуть-чуть, однако и этот результат можно было считать большим успехом.

Один из лучших игроков «Пахтакора» - нападающий Владимир Федоров - был привлечен под знамена сборной СССР (играл в ней до 1978 года). Увы, но длился успех «Пахтакора» недолго: в следующем году команда заняла предпоследнее место и в очередной раз потеряла право играть в высшей лиге.

Отметим, что по многим показателям «Пахтакор» образца 75-го года был не слабее большинства середняков. Однако к тому времени футбольные чемпионаты СССР превратились из соревнований, где побеждали сильнейшие, в турниры, где многое решали закулисные интриги сильных мира сего и деньги. Одних договорных матчей, когда команды выручали друг друга и «гоняли» матчи вничью, стало столько, что еще в 1973 году спортивными властями было принято решение проводить каждый матч до победы одной из команд (посредством послематчевых пенальти). Но поскольку это новшество спутало все карты так называемой «футбольной мафии», она предприняла всё возможное и невозможное, чтобы ситуация вернулась к своему первоначальному состоянию. В итоге в 74-м пенальти стали пробивать только после нулевых ничьих, а через год эти пенальти и вовсе отменили.

Рашидов, который был прекрасно осведомлен о закулисных интригах в отечественном футболе и порой сам в них участвовал (в противном случае его подопечные вряд ли бы вообще надолго задержались в высшей лиге), был по-человечески уязвлен тем, что его команда никогда не станет не только чемпионом, но даже «серебро» и «бронзу» взять не сможет. И дело было вовсе не в футболистах. К началу 70-х в советском футболе созрела такая ситуация, когда связи и деньги могли вознести к чемпионству команды, которые всегда считались середняками. Взять ту же ворошиловградскую «Зарю», которая после своего чемпионства в 72-м году ничем не выдающимся больше не прославилась и вновь вернулась в группу середняков (даже сборная СССР, костяк которой составляли именно игроки «Зари», а старшим тренером был ее же наставник Г. Зонин, с треском провалила сезон). А «Пахтакор», который считался не только сильнейшим клубом среди азиатских команд, но и не самым бедным по части «черной кассы», о золотых медалях даже не мог помыслить. Почему?

# „ПАХТАКОРА"

Судя по всему всё упиралось... в Рашидова, а именно в то место, которое ему определили в Политбюро - вечный кандидат. Позволить, чтобы любимая команда «вечного кандидата» стала чемпионом страны и вышла на широкую международную арену в задумки недругов Рашидова явно не входило. Считалось, что хозяину Узбекистана для удовлетворения его амбиций вполне хватает Международного кинофестиваля стран Азии и Африки, который проходил в Ташкенте с конца 60-х. Хотя, попади «Пахтакор» в Кубок чемпионов, он наверняка выступил бы не хуже той же «Зари», которая в первом раунде смогла легко пройти слабеньких киприотов, а вот во втором «сломалась» на таком же, как и она, середняке - трнавском «Спартаке».

В 1975 году, когда «Пахтакор» вылетел в первую лигу, чемпионат был не менее скандальным, чем и предыдущие. Самый вопиющий и самый характерный случай произошел в Одессе, где местный «Черноморец» принимал московский «Локомотив». Главный судья матча настолько явно подсуживал хозяевам, что это привело к конфликту. Сразу после игры, которая закончилась победой «Черноморца» 1:0, локомотивец Уткин подбежал к главному судье и прилюдно сорвал с его футболки эмблему судьи всесоюзной категории. Жест символический: эти эмблемы тогда можно было срывать чуть ли не с половины судей чемпионата - настолько предвзято они судили матчи. И «Пахтакору» пришлось убедиться в этом на личном примере. Ташкентцев угораздило очутиться в одной группе риска с ЦСКА и ленинградским «Зенитом». Позволить, чтобы эти команды покинули высший дивизион (с «Зенитом» это случилось лишь однажды - в далеком 44-м, а ЦСКА вообще никогда не покидал высший дивизион) их высокие покровители не могли, поэтому «черную метку» получили ташкентцы и армейцы из Ростова-на-Дону.




Отметим, что в 1976 году участь «Пахтакора» постигла и одного из грандов всесоюзного чемпионата - столичный «Спартак». По уровню игры он тогда скатился к середнякам, однако вылета в низший дивизион явно не заслуживал. Но ему не повезло - против него объединились руководители сразу трех столичных клубов: ЦСКА, «Торпедо» и «Локомотива». Этим командам достаточно было в последнем туре выиграть у своих соперников или даже сыграть с ними вничью и их земляки спартаковцы остались бы в высшей лиге.

Но они предпочли отправить земляков в низший дивизион, подарив очки и возможность играть в высшей лиге футболистам «Арарата», «Днепра» и «Зари». Как утверждала народная молва, все три столичных клуба даже денег за эти поражения от соперников не взяли - ими двигала элементарная злоба к народной команде. Чем заслужил «Спартак» такое отношение к себе от своих земляков, история умалчивает.

